

Катар республикасы

Катар мемлекеті – Парсы шығанағының Катар түбегіндегі мемлекет.

- Жер көлемі 11400 км².
- Халқы 724 мың адам (1999).
- Негізгі тұрғындары – катарлық арабтар. Оған қоса пәкстандықтар, үнділер, ирандықтар тұрады.
- Ресми тілі – араб тілі.
- Тұрғындары, негізінен, мұсылмандар.
- Астанасы – Доһа қаласы.
- Мемлекеттің саяси құрылымы – абсолютті монархия.
- Мемлекет басшысы әмір шейі Хамад бен Халифа әл-Тани (1995 жылдан) бүкіл билікті өз қолына шоғырландырған.
- Саяси партияларға тыйым салынған.
- Ұлттық мерекесі 3 қыркүйек – Тәуелсіздік күні (1971).
- Ақша бірлігі – Катар риалы.

Табиғаты

Жері шөлейтті жазық болып келеді. Тұрақты ағатын өзендері жоқ. Климаты тропиктік, құрғақ, қысы мен жазы қуаң, ыстық. Қаңтардағы орташа температура 16С, шілдеде 32С, жауын-шашынның жылдық мөлшері 100 мм

Тарихы

Катар түбегінде адамдар біздің заманымыздан бұрын 2 – 3-мыңжылдықта қоныстана бастаған. Алғашқы жазба мәліметтер біздің заманымыздың бас кезінен бастап кездеседі. Оны оқтын-оқтын ирандықтар жаулап алып отырды. 7 ғасырда елді арабтар жаулап алып, **Араб** халифаты құрамына енгізді. Халифат ыдырағаннан кейін (10 ғасыр), аумағы **Карматтар** мемлекетінің құрамында болып, 13 – 14 ғасырларда **Бахрейн** әмірлігінің қол астына қарады. 16 ғасырда Катарды Бахрейн әмірлігімен бірге португалдар, кейінірек Осман сұлтандығы басып алды. **1914** жылы елді ағылшындар басып алып, **1916** жылы Катар Британия протектараты болып жарияланды. **1930** жылы ел территориясынан аса мол **мұнай қоры** табылып, шет ел компаниялары ағыла бастады. 2-дүниежүзілік соғыстан кейін елде ұлт-азаттық қозғалысы күшейді. **1960** – 68 жылы халық топқулары қайта күшейіп, билік басындағылар ауысып, ағылшын әскерлері елден шығарыла бастады. **1970** жылы 10 сәуірде уақытша конституция қабылданып, мамырда алғашқы үкімет құрылды. **1971** жылы қыркүйекте Катар тәуелсіз мемлекет болып жарияланып, **БҰҰ** мен **Араб мемлекеттері** лигасына қабылданды. **1991** жылы **Катар Қарулы Күштері** БҰҰ шеңберінде жүргізілген Иракқа қарсы соғыс қимылдарына қатынасты.

Экономикасы

Негізгі байлығы – мұнай (табиғи қоры – 778 млн. тонна). Елдегі ұлттық табыстың 90%-ын мұнай өнеркәсібі береді. Мұнай өнеркәсібі “Катар петролеум”, “Шелл оф Катар”, тағы да басқа компаниялар қолында. Мұнайдан басқа табиғи газ өндіріледі, балық ауланады. Тұрғындардың 35%-ы өнеркәсіптің, 3%-ы ауыл шаруашылығында, 60%-ы қызмет көрсету салаларында қызмет етеді. Жерінің 0,7%-ы ғана ауыл шаруашылығына пайдаланылады. 1997 жылы ұлттың байлығы мөлшері 7,4 млрд. АҚШ доллары, жан басына шаққанда 2010 доллар деңгейінде болды. Мұнай салалары бойынша жетіспейтін жұмыс күшін сырттан әкеледі. Сырттан машиналар, құрал-саймандар, мал, тамақ өнімдері, тұтынатын және химия тауарлары әкелінеді. Негізгі сауда серіктестіктері: Жапония, Италия, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Сауд Арабиясы.

Қазақстанмен қарым-қатынас

Қазақстан мен Катар арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылы орнаған. 1998 жылы 23 мамырда Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Катарда ресми сапармен болып, әмір Хамад бен Халифа әл-Танимен және елдегі аса ірі бизнес өкілдерімен келіссөз жүргізді. Екі жақ мұнай өңдеу және тасымалдау, инвестиция мен банк, туризм, ауе байланысы, тағы басқа салалар бойынша өзара келісімдерге қол қойды. Осы кездесуден кейін екі ел арасында сауда-экономикалық байланыстар жедел дами бастады.



